

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Әңгімелесу мен ақыл - кеңес беру

ЖАРИЯЛАНДЫ  
29.01.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/52425/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Кіріспе:** Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар! Біріншіден өзімді таныстырып өтейін. Менің аты- жөнім Лещукевич Ирина Анатольевна. Мен осы мектептің психолог маманымын. Бүгінгі біздің ата-аналар жиналысының тақырыбы «Баланың бас ұстазы- ата-анасы».

Соңғы жылдары адамдардың өз — өзіне қол салу әрекеттері жиі орын алуда. «Суицид» деп аталатын осы дерттің мектеп оқушыларын да жағалауы дабыл қағарлық жағдайға айналды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы суицид мәселесіне қатысты әлем елдерінің көрсеткішін жариялағанда, Қазақстан сол «қаралы тізімде» екінші орынды иеленді. Өкінішке қарай, олардың басым бөлігін кәмелеттік жасқа толмаған балалар құрайды екен.

Жоғары сыныптағылардың арасындағы суицид мәселесі бұдан да күрделі. Олар, тіпті, жақындарына да өзін қинап жүрген түйіткіл жайлы тіс жармай, жасырып қалуға тырысады. Проблеманы жеткізуден гөрі, олар үшін үндемей қалу дұрыс сияқты. Жан түршігерлік жағдайда жарық дүниемен қоштасқан жасөспірімдердің 4 пайызы отбасылық кикілжіңнен, 96 райызының салдары белгісіз екен.

Суицид белгілеріне тұйықталу, еш нәрсеге қызықпаушылық, үнемі мазасыздану, ашуланшақ, жаман түстерді жиі көріп бастығып қалу, көмектен бас тарту, ұйқысыздыққа қарсы дәрілерді қолдану жатады. Жасөспірімдердің бақытсыздығына көбінесе отбасындағы жайсыздық пен мектептегі түсінбеушіліктің де ықпалы зор болады. Ата - аналар перзенттерінің киімін, тамағын тауып берумен қатар оларды жақсы көретінін де үнемі айтып отыруы тиіс. Әке - шеше өз дәрежесінде көңіл бөлмейтін бала ешкімге керексіздігін түсініп, сабақ оқуға құлқы болмайды. Өзге оқушылар мен қарым - қатынасы нашарлайды.

Сонымен қатар, қазір ерлі - зайыптылардың арасында ажырасу көп. Бұл өмірді әлі

түсініп білмеген, ондағы қиындықтармен күресе алмайтын бала үшін ауыр соққы. Ата - ана ажырасты да кетті. Ал, баланың жайы қалай болмақ? Ол мұны қалай қабылдады? Бұл сұрақтар отбасы мүшелерінің толғандырып жатыр ма? Жоқ. Осыдан келіп баланың жіпке асылып өлуі немесе жаман жолға түсуі сынды жағымсыз оқиғалар орын алары сөзсіз.

### **Сіздердің назарларыңызға бірнеше кеңестер ұсынамын.**

- **Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, ең басты балаларымыздың алдындағы жауапкершілікті күшейтуге тиіспіз.**
- **Ашық болу мен сенім арту атмосферасын сақтап қалуға тырысыңыз.**
- **Балаңызға орындай алмайтын сөзіңізді бермеңіз, баланың жүрегіне орындалмайтын үміт артпаңыз.**
- **Үнемі мұғалімдермен кездесіп, балаңыздың үлгерімі, тәртібі, басқа балалармен қарым -қатынасы жөнінде біліп тұрыңыз.**
- **Егер сіз балаңыздың мектептегі өмірі , оны мазалап жүрген нәрселер туралы білмейтін болсаңыз, ол жайында мұғалімдерден сұраудан еш қысылмаңыз. Тіпті алаңдауға тұрарлықтай мәселелер болмаса да, балаңыздың мұғалімімен яғни сынып жетекшісімен ең болмағанда екі айда бір рет әңгімелесіп тұрыңыз. Әйтпесе сіз өз балаңызды ыңғайсыз жағдайға қалдырасыз, ол өз мұғаліміне деген құрметін немесе сізге деген сенімін өзгертуі мүмкін.**
- **Өзіңіз жіберген қателікті балаңыздан байқасаңыз, балаңызды жазаламауға тырысыңыз**
- **Балаңызбен өзіңіздің сезімдеріңізбен және әлсіздігіңізбен бөлісуге қорықпаңыз.**
- **Өзіңіздің туған балаңызбен қарым -қатынасыңызды, оның оқу пәндеріне тәуелді етпеңіз.**
- **Баладан мектепте талап етілетін ережелер мен нормаларды онымен бірге талқылаңыз. Оларды қажеттілігі мен міндеттілігін түсіндіріңіз.**

- Оқушының табысқа қол жеткізу тілегіне қолдау көрсетіңіз. Әрбір жасаған жұмысынан мақтауға тұрарлық бірдеңесін көре біліңіз
- Егер балаңыздың мінез- құлқында, оқуында қандай да бір нәрсе сізді алаңдататын болса, қысылмай, сынып жетекшісімен немесе мектеп психологынан кеңес сұраңыз.

**Назар бөліп тыңдағандарыңыз үшін рахмет!**

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.